

**Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы "Аудандық коммуналдық мүлiкті мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидасын бекiту туралы" № 23 қаулысының күшiн жою туралы**

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 16 шілдедегі № 340 қаулысы

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтiнiнде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы" Заңын басшылыққа ала отырып және "Мемлекеттiк мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекiту туралы" 2015 жылғы 17 наурыздағы № 212 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігiнiң бұйрығына сәйкес аудан әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы № 23 "Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидасын бекiту туралы" (Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 3790 тiркелген, 2015 жылғы 5 ақпандағы № 6 (7073) "Жайық таңы" газетiнде жарияланған) қаулысының күшi жойылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылауын аудан әкімінің орынбасары Т. Шиниязовқа жүктелсiн.

*Аудан әкімі*

*Ә. Жоламанов*